

 air astana  FlyArystan	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

ЭЙР АСТАНА ТОБЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК АЛАЯҚТЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ САЯСАТЫ

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

МАЗМҰНЫ

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	3
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ.....	5
3. КОРПОРАТИВТІК АЛАЯҚТЫҚ ҰҒЫМЫ	7
4. АЛАЯҚТЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ МӘДЕНИЕТІ	6
5. КОРПОРАТИВТІК АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ПРОЦЕСІ	7
6. РӨЛДЕР МЕН МІНДЕТТЕР	11
7. БЕКІТУШІ ОРҒАН	14
8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	15
1-ҚОСЫМША «КОРПОРАТИВТІК АЛАЯҚТЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ БАР ДИАГРАММА.....	16
1А ҚОСЫМШАСЫ «АКТИВТЕРДІ ЗАҢСЫЗ ИЕМДЕНУ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУ» ҰҒЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ	17
1Б ҚОСЫМШАСЫ «ЕСЕПТІЛІК БОЙЫНША АЛАЯҚТЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ.....	18
1В ҚОСЫМШАСЫ «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ» ҰҒЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ.....	20
2-ҚОСЫМША КОРПОРАТИВТІК АЛАЯҚТЫҚТЫҢ МЫСАЛДАРЫ	20

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Ішкі ақпарат – Топтың Лауазымды тұлғасы немесе Жұмыскері өзінің қызметтік міндеттерін атқару барысында алған ақпарат, оның ішінде Топтың қызметтік/инсайдерлік ақпараты және коммерциялық құпиясы.

Эйр Астана тобы немесе **Топ** – «Эйр Астана» АҚ, «FlyArystan» АҚ, сондай-ақ «Эйр Астана» АҚ қатысу үлесінің немесе акцияларының 50 (елу) және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленетін кез келген басқа заңды тұлғаларды білдіреді.

Тиісті сақтық – Топ пен оның Жұмыскерлерінің бизнес жүргізген немесе басқарушылық шешімдерді қабылдаған кездегі (мысалы, жұмысқа қабылдаған кезде әлеуетті контрагент немесе үміткер туралы бүкіл қажетті және дұрыс ақпаратты жинау) басшылыққа алуы тиіс ақылдылық пен адалдық ұғымдарына негізделген принцип.

Лауазымды тұлғалар – атқарушы органның/органдардың мүшесі/мүшелері және/немесе Топтың Директорлар кеңесінің мүшесі/мүшелері.

Бәсекелес – Топ көрсететін (орындайтын, сататын) қызметтерге (жұмыстарға, тауарларға) ұқсас қызметтер көрсететін (жұмыстар орындайтын, тауарлар сататын) жеке тұлға, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

Контрагент – Топ немесе оның компанияларының бірі ынтымақтастық туралы шарт (мысалы, қызмет көрсету/тауарларды жеткізу туралы шарт, агенттік келісім, басқасы) жасасқан жеке немесе заңды тұлға.

Мүдделер қақтығысы – Жұмыскердің/Лауазымды тұлғаның жеке қызығушылығы/жеке мүдделері немесе қызметі Топтың немесе оның компанияларының мүдделеріне қайшы келетін немесе оларға қайшы келуі ықтимал болып, сол арқылы Топтың немесе Топ компанияларының бірінің істеріне қатысты мәселелер бойынша лауазымдық міндеттерді әділ атқаруға және шешімдердің әділ қабылдануына ықпал ететін/ықпал етуі мүмкін кез келген жағдаят немесе жағдай.

Корпоративтік алаяқтық немесе **Алаяқтық** – жеке және/немесе заңды тұлғаның алдау, жосықсыздық, шатастыру арқылы немесе өзге де жолмен Топтың немесе оның компанияларының бірінің мүдделеріне зиян келтіріп жеке өзінің пайдасы мен артықшылықтар алу және/немесе Топқа немесе оның компанияларының біріне материалдық және/немесе материалдық емес зиян келтіру мақсатымен жасаған іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі.

Сыбайлас жемқорлық – жеке тұлғаның өзі немесе иелену үшінші тұлғалар үшін ақша, бағалы заттар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзге де мүліктік құқықтар түрінде пайда көру мақсатымен Топтың немесе оның компанияларының бірінің, мемлекеттің заңды мүдделеріне қарамастан қызметтік жағдайын немесе өкілеттіктерін теріс пайдалануы, пара

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

беруі және/немесе алуы, параға коммерциялық сатып алуы не өзінің лауазымдық жағдайын өзге де заңсыз түрде пайдалануы немесе көрсетілген тұлғаға басқа жеке тұлғалардың осындай пайданы заңсыз түрде беруі, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді Топтың, басқа заңды тұлғаның атынан немесе мүдделерінде жасауы.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

Жеке қызығушылық/жеке мүдде – Топтың немесе оның компанияларының бірінің Лауазымды тұлғасының/Жұмыскерінің қызметтік міндеттерін орындаған кезде өзі немесе үшінші тұлғалар үшін ақша, бағалы заттар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер түріндегі кірістер, өзге де мүліктік және мүліктік емес құқықтар алу мүмкіндігі.

Материалдық зиян – Топ Жұмыскерінің немесе оның компанияларының бірінің айыпты іс-әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) нәтижесінде болған Топтың немесе оның компанияларының бірінің мүлкінің нақты азаюы немесе осындай мүліктің (оның ішінде Топ немесе оның компанияларының бірі сақталуына жауап беретін болса, Топтағы үшінші тұлғалар мүлкінің) жай-күйінің нашарлауы, сондай-ақ Топтың немесе оның компанияларының бірінің мүлікті сатып алу, қалпына келтіру не Жұмыскердің үшінші тұлғаларға келтірген залалын өтеп беру үшін ақы төлеу қажеттілігі.

Корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимылдар – корпоративтік алаяқтықты анықтау, болдырмау, тексеру және оның пайда болуына әкеп соқтырған себептерді жою іс-шаралар кешені.

Жұмыскер – Топ компанияларының бірімен еңбек қарым-қатынасында тұратын және тікелей еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын тұлға, сондай-ақ агенттіктер арқылы немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша тартылатын өзге де тұлғалар.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Акциялары үш қор биржасында - Лондон қор биржасында (LSE), «Астана» халықаралық биржасында (AIX) және Қазақстан қор биржасында (KASE) айналыста болатын жария компания бола отырып, «Эйр Астана» АҚ ашықтықтың, адалдықтың және корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарын ұстанады. Бұл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Ұлыбританияның 2010 жылғы Заңының (UK Bribery Act 2010), LSE, AIX және KASE листинг қағидаларының, сондай-ақ Британдық корпоративтік басқару кодексінің тиісті ережелерінің толық орындалуын қамтиды.

1.2 Осы Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты (бұдан әрі Саясат) Эйр Астана тобының Мінез-құлық кодексі, Корпоративтік басқару кодексі, Ішкі бақылау Саясаты және

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

Еңбек тәртібінің қағидалары сияқты ішкі құжаттарында көрсетілген негізгі құндылықтары мен стратегиялық мақсаттарына сәйкес әзірленген. Саясат сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының және корпоративтік басқарудың жұртшылық мақұлдаған халықаралық стандарттарының талаптарын ескереді.

1.3 Эйр Астана тобы этика мен адалдықтың берік мәдениетін қалыптастыруға ұмтылады және Жұмыскерлерді, Лауазымды тұлғалар мен Контрагенттерді қоса алғанда, Корпоративтік алаяқтыққа кез келген түрде және барлық деңгейде нөлдік төзімділік Саясатын ұстанады. Топтың барлық Жұмыскерлері мен Лауазымды тұлғалары үшін осы Саясаттың принциптері мен ережелерін орындау міндетті болып табылады.

1.4 Осы Саясат Топқа кіретін барлық компанияларға қолданылады.

1.5 Осы Саясат Топқа кіретін компаниялардың корпоративтік сайттарына және олардың ішкі онлайн ресурстарына орналастырылады.

2. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

2.1 Топ Корпоративтік алаяқтыққа және теріс пиғылды әрі заңсыз әрекеттерге қарсы күрес іс-шараларды енгізу қажеттігін түсінеді. Осы мақсаттар үшін осы Саясат мыналарды белгілейді:

- корпоративтік алаяқтық ұғымы және оның түрлері;
- Топтың корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл аясындағы негізгі принциптері;
- корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Топ Жұмыскерлерінің/Лауазымды тұлғаларының рөлдері мен міндеттері;
- корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл рәсімдері;
- Корпоративтік алаяқтыққа қатысты барлық мүдделі тұлғалардың әрекеті (әрекетсіздігі) үшін жауапкершілік.

2.2 Топ кез келген алаяқтық актісін өте маңызды деп санайды және болжалды алаяқтықтың барлық жағдайларын зерттейді. Алаяқтық және өзге де теріс пайдалану жағдайлары бизнестің құндылығын азайтады және Топ акционерлеріне, Лауазымды тұлғалары мен Жұмыскерлеріне теріс әсерін тигізеді, сондай-ақ көпшіліктің сенімін кетіреді. Сонымен қатар бизнес аясында анықталған алаяқтық фактілері ұжымның тиімді жұмысына кедергі келтіретін күмәндану мен сенімсіздік ахуалының пайда болуына әкеп соқтырады.

2.3 Осы Саясаттың күші алаяқтықтың, алаяқтыққа күдік туғызудың және жасалуына Топ Жұмыскерлері, оның Лауазымды тұлғалары және/немесе акционерлері, Топ Жұмыскерлерімен жұмыс істейтін және/немесе Топпен іскерлік қатынастары бар өзге де мүдделі тұлғалар тартылған өзге де заңсыз әрекеттердің барлық жағдайларына қолданылады.

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

3. КОРПОРАТИВТІК АЛАЯҚТЫҚ ҰҒЫМЫ

3.1 Корпоративтік алаяқтық жеке және/немесе заңды тұлғалардың алдау, көрсетілген сенімді теріс пайдалану, шатастыру арқылы немесе өзге де жолмен Топтың немесе оның компанияларының бірінің мүдделеріне зиян келтіріп жеке өзінің пайдасын және/немесе басқа тұлға үшін пайда көру және/немесе Топқа немесе оның компанияларының біріне материалдық және/немесе материалдық емес зиян келтіру мақсатымен жасаған іс-әрекеті (немесе әрекетсіздігі) ретінде белгіленеді.

3.2 Алаяқтық келесі әрекеттерден көрінеді, бірақ олармен шектелмейді:

- қаржылық есептілікті бұрмалау;
- активтерді заңсыз иелену;
- алаяқтық және/немесе өзге де заңсыз әрекеттер нәтижесінде алынған кірістер немесе активтер;
- алаяқтық және/немесе өзге де заңсыз әрекеттер нәтижесінде келген немесе артқан шығыстар немесе міндеттемелер;
- құжаттарды қолдан жасау немесе өзгерту;
- Топтың ішкі ақпаратын пайдакүнемдік мақсатта пайдалану;
- сыбайлас жемқорлық және өзге де заңсыз іс-әрекеттер (теріс пайдалану) және т.с.с.⁵.

Корпоративтік алаяқтықтың негізгі элементтерін қамтитын диаграммасы бар 1-ҚОСЫМШАНЫ, сондай-ақ корпоративтік алаяқтықтың басқа мысалдары бар 2-ҚОСЫМШАНЫ қараңыз.

4. АЛАЯҚТЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ МӘДЕНИЕТІ

4.1 Топ корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың мынадай негізгі принциптеріне негізделеді:

- «нөлдік төзімділік» принципі (алаяқтықтың кез келген түрі мен формасын қабылдамау) – Топ келтірілген зиян сомасына қарамастан, корпоративтік алаяқтықтың кез келген түріне жол берілмеу керек деп санайды және корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша белсенді шаралар қолданады;
- «Жоғарыдан бағыт беру» принципі – Топтың Лауазымды тұлғалары мен Топ бөлімшелерінің басшылары өздерінің іс-әрекеттерімен Топ Жұмыскерлеріне бизнес жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын сақтау және ілгерілету және кез келген көріністегі алаяқтықты қабылдамау жөнінде үлгі береді;

⁵ Осы Саясатқа 1-қосымшаны қараңыз.

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

- тиісті сақтық принципі – Топ Жұмыскерлері контрагенттерді, үміткерлерді және өзге де үшінші тұлғаларды жұмысқа тартқан кезде олардың сенімділігін, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілігін және іскерлік қарым-қатынасты бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдаудың алдында мүдделерінің Топ мүдделеріне қайшы келмейтінін тексере отырып, тиісті сақтықты танытуы керек;
- үйлеспейтін міндеттерді бөлу – Топ ішкі бақылау механизмдерін күшейту үшін бір процесті немесе операцияны әзірлеу, бекіту, орындау, мониторинг жүргізу және бағалау үшін бірде-бір қызметкерге жеке-дара жауапкершіліктің артылмауын қамтамасыз ете отырып, міндеттерді нақты ажыратуды қолдайды;
- мүдделер қақтығысын болдырмау – Топ уақтылы жасалмаған (тиісті басқарушы шешімге ықпал ету мүмкіндігін алғаннан кейін) ықтимал немесе бар болған мүдделер қақтығысы туралы хабарды корпоративтік алаяқтық ретінде қарастырады және мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашпаған тұлғаларды жауапкершілікке тартады;
- жазадан құтылмаушылық принципі – Топ корпоративтік басқарудың барлық деңгейлеріндегі алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген формасы мен көрінісіне ымырасыз қарсы болатынын мәлімдейді. Корпоративтік алаяқтыққа немесе бақылау рәсімдерін бұзуға айыпты тұлғалар, олардың Топтағы лауазымын, жұмыс істеген мерзімін, мәртебесін және Топпен немесе оның компанияларының бірімен басқа да қарым-қатынасын есепке алмай, жауапкершілікке тартылады;
- мониторинг және бақылау – Топ Корпоративтік алаяқтықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдерге мониторинг жүргізеді, олардың орындалуын бақылайды және жүйелі түрде жетілдіріп отырады;
- бірлесіп әрекет ету және ынтымақтастық орнату - Топ барлық мүдделі бөлімшелердің бірлесіп әрекет етуін үйлестіруді, сондай-ақ корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл барысында мемлекеттік билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару және құқық қорғау органдарымен бірлесіп әрекет етуді қамтамасыз етеді.

5. КОРПОРАТИВТІК АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ПРОЦЕСІ

5.1 Топта корпоративтік алаяқтық белгілері мен жағдайларын анықтау, алдын алу, жою шаралары кешені әзірленіп, енгізілген, соның ішінде:

Бақылау ортасының жай-күйін тұрақты түрде жетілдіріп отыру

5.2 Алаяқтық белгілерін ерте анықтау және жою шараларына келесі бақылау рәсімдері кіреді:

- мониторингтеу мен оқыту жүйесін жетілдіруді қоса алғанда, Жұмыскерлерді Корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүйелі түрде оқыту және білімдерін тексеру;
- Топ Жұмыскерлерінің, Лауазымды тұлғаларының және Контрагенттерінің ықтимал мүдделер қақтығысы туралы уақтылы мәлімдеу қажеттігі;

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

- h. бір-бірімен үйлеспейтін міндеттерді бөлу және белгіленген шектеулердің сақталуын бақылау үшін әр Жұмыскердің/бөлімшенің рөлдері мен құзыреттілігін белгілеу;
- i. Топтың әлеуетті контрагент немесе жұмысқа қабылданатын үміткер туралы қажетті және шынайы ақпаратты уақтылы алуы мен тексеруіне бағытталған рәсімдерді әзірлеу және енгізу;
- j. «Эйр Астана» АҚ корпоративтік веб-сайтына орналастырылған «Бастамашылық ақпарат беру саясатына» сәйкес бұзушылықтар туралы хабарлаған тұлғаларға құпиялылық кепілін беретін Топтағы кез келген бұзушылық туралы, соның ішінде жасырын түрде хабарлау жүйесін құру.

Корпоративтік алаяқтық белгілері мен жағдайлары туралы хабарлау

5.3 Корпоративтік алаяқтық белгілерін немесе бақылау рәсімдерінің өзге де бұзылуын анықтаған Топтың кез келген Жұмыскері немесе үшінші тұлға бұл жөнінде Топқа немесе оның тиісті компаниясына Топтың «Бастамашылық ақпарат беру саясатына» сәйкес хабарлауға міндетті.

5.4 Топ Жұмыскерлер мен Контрагенттердің Топтың Мінез-құлық кодексінің, ішкі саясаттары мен ережелерінің, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Ұлыбританияның қолданылатын заңнамасының болжалды бұзылуына байланысты өз қауіптері туралы уақтылы хабарлау, сондай-ақ корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар мен шараларды ұсынуды әрекеттерін көтермелейді.

5.5 Топ корпоративтік алаяқтық белгілері, бақылау рәсімдерінің болжалды бұзылуы және өзге де теріс пайдаланушылық туралы әділ хабарлағаны үшін Топ Жұмыскеріне жұмыстан босатуды, сыйақы төлеуден немесе лауазымын көтеруден бас тартуды қоса алғанда, қандай да бір санкциялар қолданылмайтынына кепілдік береді⁶;

Корпоративтік алаяқтық белгілерінің болуы туралы ақпаратты алдын ала тексеру

5.6 Ішкі тергеуге бастамашылық жасаудың орындылығын анықтау үшін «Эйр Астана» АҚ COMPLAINTS қызметі корпоративтік алаяқтық белгілерінің болуы немесе бақылау рәсімдерінің өзге де бұзылуы туралы хабарларды алдын ала тексереді.

5.7 Хабарларды алдын ала тексеру үшін төмендегілерде қамтылған алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, ұрлық, жетіспеушілік, материалдық құндылықтардың бүлінуі, ішкі және инсайдерлік ақпараттың жоғалуы және бақылау рәсімдерін бұзудың өзге де фактілері туралы бастапқы ақпарат себеп болуы мүмкін:

⁶ Егер Топ Жұмыскері немесе өзге тұлға біде тұра жалған ақпарат берсе немесе корпоративтік алаяқтық не болжалды бұзушылықтар туралы хабарлау арқылы Топтың мүдделеріне қайшы келетін жеке пайданы көруге тырысса, ол қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

- қызметтік жазбалар;
- шағым мен сот құжаттарын;
- Топтың немесе оның компаниясының атына жіберілген азаматтардың, оның ішінде Жұмыскерлердің арыздары мен хаттары;
- мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының хабарлары;
- бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлары;
- Топтың «Бастамашылық ақпарат беру саясатына» сәйкес келіп түсетін хабарлар;
- қаржы-шаруашылық қызметін тексеру, түгендеу, ревизия және т.б. материалдары;
- «Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметінің тексеру материалдары;
- кешенді жоспарлы және жоспардан тыс тексеру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тексерулер жүргізу талаптарының орындалуын тексеру материалдары;
- өзге де материалдар немесе құжаттар.

5.8 Хабарламаларды алдын ала тексеру барысында бұзушылықтың негізгі жағдайлары, оның ішінде бұзушылық белгілерінің болуы немесе болмауы, оның негізгі элементтері және залалдың бар-жоғы анықталады.

5.9 Алдын ала тексеру мерзімдері мен тәртібі Топтың «Бастамашылық ақпарат беру саясатына» сәйкес белгіленген.

5.10 Алаяқтықтың бастапқы фактілері расталған және одан әрі тексерудің орындылығы анықталған жағдайда, Комплаенс қызметі ішкі тексеру жүргізуге бастамашылық жасайды.

Корпоративтік алаяқтық бойынша ішкі тексеру

5.11 Корпоративтік алаяқтық бойынша ішкі тексерулер Топта әзірленген «Корпоративтік алаяқтықты анықтаған кездегі іс-әрекеттер нұсқаулығына» сәйкес жүргізіледі.

5.12 Мұндай ішкі тексерудің мақсаттары:

- корпоративтік алаяқтық фактісін анықтау немесе теріске шығару;
- корпоративтік алаяқтыққа айыпты және оған қатысы бар тұлғаларды анықтау;
- Топқа немесе оның компаниясына келтірілген залал сомасын анықтау;
- келтірілген залалды өтеудің мүмкіндігі мен экономикалық орындылығын айқындау;
- корпоративтік алаяқтықтың пайда болу себептері мен жағдайларын талдау;

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

- болашақта осындай жағдайлардың қайталанбауы үшін шаралар қолдану.

5.13 Ішкі тексеру нәтижелері тәртіптік шаралар туралы шешім қабылдауы және болашақта мұндай жағдайлардың қайталануына жол бермеу бойынша қажетті шаралар қабылдауы үшін Топ немесе оның компаниясы басшылығының қарауына ұсынылады.

5.14 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр болып табылатын қылмыс белгілерінің болуы анықталған жағдайда, тексеру материалдары құқық қорғау органдарына берілуі тиіс.

Залалды өтеу және жауапкершілікке тарту

5.15 Жауапкершілікке тарту және Топқа немесе оның компаниясына келтірілген материалдық залалды өтеу корпоративтік алаяқтық жағдайларға жүргізілген ішкі тексерудің мақсаты болып табылады.

5.16 Топ ішкі тексеру аясында материалдық залалды бағалайды және корпоративтік алаяқтыққа қатысы бар тұлға анықталған кезде залал сомасын өтеп беруді талап етеді.

5.17 Негіздер болған кезде залалды өтеу Топ Жұмыскерінің Топқа немесе оның компаниясына залал келтірген іс-әрекеттері/әрекетсіздігі үшін тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылған-тартылмағанына қарамастан, заңнама және Топтың ішкі құжаттары аясында жүргізіледі.

5.18 Бұл ретте Топ іске асырудың шығындары мен пайдасын, сондай-ақ қолданыстағы шаралардың барабарлығын ескере отырып, Алаяқтықтың алдын алу шараларының жаңаларын енгізудің немесе қолданыстағыларын өзгертудің экономикалық орындылығын бағалайды.

5.19 Топқа немесе оның компаниясына қасақана зиян келтірудегі кінәсі анықталған Топ Жұмыскерінің залалды өтеуі Топ компаниясының атқарушы органының бұйрығы негізінде Топтың немесе оның компаниясының ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген тәртіппен, сондай-ақ құқық қорғау органдарының шешіміне сәйкес (егер қолданылса) жүргізіледі. Бұйрық Жұмыскер келтірген залалдың мөлшері нақты белгіленген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей шығарылуы тиіс.

5.20 Топ Жұмыскері Топқа немесе оның компаниясына келтірілген залалды өз еркімен өтеуге келіспесе және/немесе өндіріп алынуы тиіс залал сомасымен келіспесе, өндіріп алу сот тәртібімен жүргізіледі. Топ компаниясының Заң департаментінің басшысы залалды өтеу туралы сотқа талап-арыз беру үшін негіздердің бар-жоғын анықтайды.

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

Бақылау және аудит

5.21 Топ ішкі бақылау жүйесіне, атап айтқанда қаржылық және басқарушылық есеп жүйесіне тұрақты сыртқы және ішкі аудиторлық тексерулер жүргізуді, сондай-ақ қолданылатын заңнама және Топтың және оның компанияларының ішкі құжаттары талаптарының, оның ішінде осы Саясатта белгіленген принциптер мен талаптардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

5.22 Алаяқтық немесе теріс пайдалану туындаған жағдайда COMPLAENCS қызметі Топтың Лауазымды тұлғаларының тапсырмасы бойынша кешенді ішкі тексеруді бастайды.

6. РӨЛДЕР МЕН МІНДЕТТЕР

6.1 Топтың Жұмыскерлері мен Лауазымды тұлғалары осы Саясаттың, Мінез-құлық кодексінің және Топтың және оның компанияларының өзге де ішкі құжаттарының нормалары мен принциптерін, сондай-ақ қолданылатын заңнаманы бұлжытпай орындауы тиіс.

6.2 Топ Жұмыскерлері мен Лауазымды тұлғалары өздеріне сеніп тапсырылған ресурстардың сақталуы үшін жауап береді және Топтың іскерлік этикасы принциптерін ұстанады.

6.3 Бұған қоса осы Саясаттың мақсаттары үшін Топта және оның компанияларында келесі рөлдер мен құзыреттер белгіленген:

Топ компаниясының Директорлар кеңесі

6.4 Топ компаниясының Директорлар кеңесі маңызды қадағалау функциясын орындайды және алаяқтық пен теріс пайдалану қатерлерін төмендету үшін бақылау жүйелерін қамтамасыз етуде негізгі рөлді атқарады, соның ішінде:

- корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Топ компаниясы қызметінің негізгі бағыттарын анықтайды;
- өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, «Эйр Астана» АҚ Тобының Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясатын бекітеді;
- жылына кемінде 1 (бір) рет Топ компаниясының корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл аясындағы қызметінің тиімділігін бағалайды;
- ішкі ақпарат беру механизмдеріне (whistleblowing), хабарлар беру арналарына және жүргізілген тексеру нәтижелеріне Директорлар кеңесінің Аудит комитеті арқылы тұрақты бақылау жүргізеді;
- алаяқтық қатерін және ішкі бақылау жүйесінің жай-күйін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің Аудит комитеті арқылы мерзімді түрде қайта қарайды.

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

Топ компаниясының Атқарушы органы

6.5 Топ компаниясының Атқарушы органының рөлі:

- активтердің сақталуын қамтамасыз етуге және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге байланысты қажетті шараларды, оның ішінде Топ компаниясының бөлімшелері арасында құзыреттердің бөлінуін бекітеді;
- егер қызметінде жол берілген бұзушылықтар корпоративтік алаяқтық жасауға әкеп соқтырған болса, Топ компаниясының Жұмыскерлерін жауапкершілікке тарту шешімдерін қабылдайды.

Бөлімшелердің басшылары

6.6 Топ компаниялары бөлімшелерінің басшылары өз құзыреті мен бөлімшесінің шегінде корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл аясындағы қызметті бақылауды, соған қоса төмендегілерді қамтамасыз етеді:

- ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін бағалау;
- ішкі бақылауды COMPLAENCS қызметінің, Ішкі бақылау қызметінің және Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарына сәйкес ұдайы жетілдіріп отыру;
- корпоративтік алаяқтық, процестер мен рәсімдер тұрғысынан осал жерлерді анықтау;
- жұмыс топтарына қатысуы үшін бөлімшелердің тиісті өкілдерін жібере отырып, алдын ала тексеруге немесе ішкі тергеуге көмектесу;
- алдын ала тексеруді және/немесе ішкі тергеуді жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайларға, объектілер мен құжаттарға рұқсатты ұсына отырып, алдын ала тексеруді және/немесе ішкі тексеруді жүргізетін жұмыс тобына көмектесу;
- Топ компаниясының Лауазымды тұлғаларына және COMPLAENCS қызметіне болған/болжалды алаяқтық актілерінің барлық жағдайлары туралы уақтылы хабарлау;
- Персоналды басқару және әкімшілік мәселелер департаментімен, Заң департаментімен бірлесіп Корпоративтік алаяқтыққа және ішкі бақылау жүйесінің бұзылуына қатысы бар Жұмыскерлерге қатысты тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға бастамашылық ету;
- Алаяқтық қатерлерін басқару бойынша бақылау рәсімдерінің тиімділігіне мониторинг жүргізу;
- бұрын орын алған жерлерде осындай алаяқтықтың пайда болу қаупін төмендету үшін жаңа бақылау рәсімдерін енгізу.

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

Барлық деңгейлердегі менеджерлер

6.7 Барлық деңгейлердегі менеджерлер Топ Жұмыскерлерінің алаяқтық жасау мүмкіндігін төмендету/барынша азайту үшін күш салуы тиіс. Олардың алаяқтықты болдырмау және анықтау жауапкершілігіне төмендегілер кіреді:

- олар жауапты болатын операциялық процестерге тән алаяқтық қатерлерін және қолданыстағы ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігіне бағалау;
- Алаяқтықтың тауындау қатерін барынша азайту үшін басшылыққа ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар беру;
- тиісті департамент басшысына, сондай-ақ COMPLAENCS қызметіне болған/болжалды алаяқтық актілерінің барлық жағдайлары туралы уақтылы хабарлануын қамтамасыз ету;
- COMPLAENCS қызметімен бірлесіп Жұмыскерлер арасында Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу принциптері мен шараларын білуді қоса алғанда, Алаяқтық үшін жауапкершілік жөнінде хабардар болу деңгейін арттыру.

Жұмыскерлер

6.8 Жұмыскердің міндеттері:

- объективті түрде корпоративтік алаяқтық немесе ішкі бақылау жүйесін қасақана бұзу ретінде қарастырылуы мүмкін әрекеттерді/әрекетсіздікті жасамау;
- пікірінше, әлсіз рәсімдерге, тиімсіз бақылауға немесе бақылаудың болмауына байланысты Алаяқтық орын алуы мүмкіндігі болғанда, өз менеджерлеріне хабарлау;
- өзіне мәлім болған ықтимал немесе нақты Мүдделер қақтығысы туралы тікелей басшысына, сондай-ақ COMPLAENCS қызметін қысқа мерзімде хабарлау;
- COMPLAENCS қызметіне және/немесе Топ компаниясының басшылығына өздерінің міндеттеріне ықпал етуі мүмкін сырттан болатын кез келген қызығушылық туралы хабарлау;
- Корпоративтік алаяқтық белгілерінің бар екенін COMPLAENCS қызметіне (Топтың «Бастамашылық ақпарат беру Саясатына» сәйкес) кез келген қолжетімді тәсілмен ауызша немесе жазбаша түрде қысқа мерзімде хабарлау қажеттігі туралы білу;
- өз құзыреті шегінде және заңнамада және Топ компаниясының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен түсініктемелер беруді, қажетті құжаттар мен мәліметтерді беруді қоса алғанда, тексеру іс-шараларын, алдын ала тексерулер мен ішкі тергеулерді жүргізуге қолдау көрсету.

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

Комплаенс қызметі

6.9 **Комплаенс қызметі:**

- Комплаенс қызметі туралы ережеге сәйкес әрекет етеді;
- Топ Саясатын, сондай-ақ Корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл аясындағы принциптер мен іс-шараларды әзірлейді;
- күдікті Алаяқтық жағдайларын тексеруге бастамашылық жасайды және оны жүргізеді;
- Топ компаниясының Жұмыскерлерін осы Саясатпен таныстырып, таныстыру фактісін тіркейді;
- жаңа және жұмыс істеп жүрген Жұмыскерлер үшін жыл сайын Корпоративтік алаяқтық мәселелері бойынша оқыту жүргізіп, алған білімдерін тексереді;
- Топтың Жұмыскерлеріне, Лауазымды тұлғаларына және Контрагенттеріне осы Саясатты іске асыру үшін әзірленген құжаттар мен іс-шаралар бойынша ақпараттық-анықтамалық жұмысты қамтамасыз етеді.

Ішкі аудит қызметі

6.10 **Ішкі аудит қызметінің рөлі мынадай:**

- ішкі бақылаудың, әсіресе оның Алаяқтықтың алдын алуға бағытталған элементтерін әзірлеу мен жұмыс істеу тиімділігін бағалау арқылы Алаяқтыққа жол бермеуге үлес қосу, сондай-ақ кәсіби күмәншілдікті сақтау және барлық тиісті ішкі аудиторлық тексерулерді жүргізу кезінде басшылық тарапынан бақылаудан айналып өту және теріс пайдаланушылық қаупін назарға алу;
- жыл сайын аудитті жоспарлаған кезде және ішкі аудиторлық тексерулерді жүргізу барысында алаяқтық қаупін назарға алу, сондай-ақ Топ басшылығының оларды төмендету іс-қимылдарының тиімділігін бағалау; және
- мұндай тексеру бекітілген жылдық аудит жоспарына енгізілген жағдайда басшылықтың, Аудит комитетінің немесе Директорлар кеңесінің сұрау салуы бойынша болжалды Алаяқтық жағдайларын тексеруге көмектесу.

7. БЕКІТУШІ ОРГАН

7.1 Осы Саясат «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.

7.2 Топ компанияларының атқарушы органдары Директорлар кеңесі бекіткен Саясатты енгізу және оның жұмыс істеуі үшін жауапты болады.

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1 Осы Саясат кемінде 2 (екі) жылда бір рет қайта қаралуы тиіс.

8.2 Осы Саясат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылды. Айырмашылықтар болған жағдайда Саясаттың орыс тіліндегі мәтіні басымдыққа ие.

Құжаттың тарихы		
Нұсқа нөмірі	Енгізілген өзгерістер (тек бөлімнің нөмірі мен атауы)	Күшіне ену күні
алғашқы		07/03/2019
02		12/09/2025

	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясатына
1-ҚОСЫМША


**«КОРПОРАТИВТІК АЛАЯҚТЫҚ»
ҰҒЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ БАР ДИАГРАММА**



 air astana  FlyArystan	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясатына
1А ҚОСЫМШАСЫ


**«АКТИВТЕРДІ ЗАҢСЫЗ ИЕМДЕНУ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУ»
ҰҒЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**



 air astana  FlyArystan	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясатына
1Б ҚОСЫМШАСЫ

**«ЕСЕПТІЛІК БОЙЫНША АЛАЯҚТЫҚ»
ҰҒЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**




	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясатына

1В ҚОСЫМШАСЫ

**«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ»
ҰҒЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**



	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясатына
2-ҚОСЫМША

КОРПОРАТИВТІК АЛАЯҚТЫҚТЫҢ МЫСАЛДАРЫ

Сатып алу:

- тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге жеке мақсаттар үшін немесе белгілі бір жеткізушіден қандай да бір пайда орнына тапсырыс беріледі;
- тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге сатып алуды ұйымдастырудың тиісті рәсімін айналып өтіп жақын адамына немесе туысына тиесілі контрагенттен тапсырыс беріледі;
- тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге нарықтық бағадан едәуір асып түсетін (20% немесе одан көп) бағамен тапсырыс беріледі;
- шотта көрсетілгенмен салыстырғанда тауарлардың аз санын, бірақ толық соманы төлей отырып алу;
- тапсырыс берілмеген жалған шоттарды жасау немесе ұсыну;
- сатып алу рәсімдерін жүргізудегі бұзушылықтар;
- шартта көзделмеген жұмысқа/көрсетілетін қызметке тапсырыстар;
- көрсетілетін қызметтердің жалпы және анық емес сипаттамасынан ғана тұратын «консультациялық қызметтер көрсетуге арналған» шарттар;
- бөгде тарап консультанты онымен шарт жасалғаннан басқа қызмет саласында жұмыс істейді;
- бөгде компания оффшорлық юрисдикцияда тіркелген бос компания және т.б. болып табылады

Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге өтінімдер:

- көрсетілмеген қызметтер үшін;

 	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

- нақты көрсетілгеннен көп қызмет үлкен көлемі үшін;
- үшінші тұлғалардан Топқа немесе оның компанияларының біріне ақысы төленген немесе көрсетілген қызметтерді қайта сатып алу;
- бөгде тарап агенттеріне немесе кеңесшілеріне шамадан тыс (20% немесе одан жоғары) комиссиялық алымдар;
- бөгде жеткізушілерге негізсіз үлкен жеңілдіктер;
- бөгде компания банктік шоттарға қызмет көрсетілгеннен басқа юрисдикцияға төлем жасауды сұрайды.

Қорлар мен мүлік:

- қорлар мен мүлікті мақсатына сай пайдаланбау, ұрлау немесе олар бойынша алаяқтық;
- Топтың мүлкін пайдакүнемдік мақсатта пайдалану.

Касса және ақшалай түсімдер:

- ақша қаражатын тиісті құжаттаусыз қабылдау;
- ақша қаражаты ұрлығын жасыру үшін құжаттарды өзгерту.

Жалақы:

- ақша қаражатын төлеу кезінде төлем ведомосіне енгізілген жалған жұмыскерлер үшін ақша қаражатын алу;
- қайта өңдеуге қосымша ақы алу үшін жұмыс істелген сағат санын негізсіз асырып көрсету;
- басқа ұйымда Топ компаниясы ақы төлейтін жұмыс уақытында еңбек шартында көзделмеген қоса атқарылатын жұмысты орындау;
- Жұмыскердің Топ компаниясы ақы төлейтін жұмыс уақыты үшін басқа ұйымнан еңбек шартында көзделмеген төлем алуы.

Іссапарларға арналған аванстық есептер:

- Жұмыскер бармаған іссапарларға жұмсалған шығындардың өтелуіне сұрау салу;

 	Корпоративтік алаяқтыққа жол бермеу Саясаты	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-FP_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	22
	Қосымшалар:	5

- іссапардың қызметтік тапсырмасында көзделмеген сапарларға арналған шығыстардың өтелуі.

Өзге де аванстық есептер:

- жалған немесе асырып көрсетілген өкілдік шығыстардың өтелуіне өтінімдер;
- үшінші тарап ақы төлеп қойған шығыстардың өтелуіне өтінім беру;
- Топтың немесе оның компаниясының ішкі құжаттарында көзделмеген шығыстардың экономикалық тұрғыдан негізсіз өтелуі.

Мүдделер қақтығысы:

- Топқа бәсекелес ұйымда немесе оның контрагентінде, жеткізушісінде немесе тапсырыс берушісінде жұмыс істеу;
- Топтың немесе оның компаниясының мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін Топтағы немесе оның компаниясындағы лауазымға ұқсас лауазымдағы, соның ішінде қоса атқарылатын жұмыс;
- Жұмыскердің жақын адамының және/немесе туысының тікелей немесе жанама басқаруындағы немесе меншігіндегі (тікелей немесе жанама) контрагентпен келісімшарт жасасу;
- контрагенттегі/Топтың немесе оның компаниясының контрагентіне қатысты пайдың, жарнаның, салымның, жарғылық капиталға қатысу үлесінің, бағалы қағаздардың және өзге де құқықтардың (бағалы қағаздарға, мүлікке, құқықтарға опциондарды қоса алғанда) және/немесе көрсетілген тұлғаның Топқа немесе оның компаниясына бәсекелес ұйымдағы/бәсекелес ұйымға қатысты мүлкінің белгілі бір мөлшерін тікелей немесе жанама түрде (оның ішінде сырттай) иелену;
- Жұмыскер/контрагенттің өкілі бұзушылықты анықтаған Топ Жұмыскерінде онымен іскерлік қарым-қатынастың болуы нәтижесінде жасаған теріс пайдаланушылық туралы ақпаратты жасыру;
- талап етілетін құзыреттері жоқ Топ Жұмыскерінің жақын адамдарын және/немесе туыстарын Топқа жұмысқа қабылдау немесе оларға неғұрлым білікті үміткерлерге зиян келтіре отырып, артықшылықтар және/немесе басымдықтар белгілеу (непотизм);
- бөгде компания Топ Жұмыскерімен байланысты;
- бөгде компания тек Топ Жұмыскерінің нұсқауы немесе талабы бойынша мәміле қатысушысы атанды.